

Оқу-әдістемелік көмекші құралда мәдениеттану пәнін оқытудың әдістері мен мәдениет туралы типология, мәдениеттану концепциялары беріледі.

Мәдениеттану пәні жалпы мәдениет туралы және одан туындайтын барлық жетістіктерді, мәдени құндылықтарымызды бағалауға мүмкіндік.

Әдістемелік құрал мәдениеттану мамандығында білім алып жатқан магистрант, докторант және жас ғалымдарға мәдениеттану пәнінен қалай сабақ беруге болады деген ізденістен туындаған көмекші құрал.

Мәдениеттану пәні Қазақстанда салыстырмалы түрде өте жас пәндердің бірі және қазіргі уақытта қалыптасу үстінде. Қолдарыңыздағы оқу-әдістемелік құрал негізінен мәдениеттану мамандығы бойынша білім бағдарламасын игеріп жатқан студент, магистрант және мәдениеттану пәнінен сабақ беретін жас оқытушыларға арналады.

Қазіргі уақытта мәдениеттану пәні жоғары оқу орындарында міндетті пәндер қатарында. Кез-келген білім беру бағдарламасы бойынша білім алып жатқан студенттер 3 кредиттен тұратын мәдениеттану пәнін игереді.

Мәдениеттану пәні барлық студенттер үшін түсінікті әрі қызықты деп айта алмаймыз. Пәнді оқыту барысында аудиторияны өзіне баурап алуы тікелей оқытушының білімділігі мен шеберлігіне байланысты.

Оқу құралы болашақ мәдениеттанушылардың кәсіби құзіреттілігін арттырып, пәннің мазмұнын игеруде көмекші әдістемелік құрал бола алады. Болашақ мәдениеттанушылардың кәсіби құзіреттілік, педагогикалық шеберлігін арттырып, құндылықтарға негізделген және ақпараттық технологияларды қолдана отырып кәсіби міндеттерді жоғары деңгейде атқаруға мүмкіндік береді.

Мәдениеттану пәнін оқытуда ең алдымен интеграциялық ұстанымды басты назарға алған дұрыс. Себебі мәдениеттану пәні барлық гуманитарлық ғылымдар жүйесімен пәнаралық байланысқа оңай түседі.

Мәдениеттану пәнін оқыту барысын негізгі үш аспектіде қараған жөн. Ең алдымен, мәдениеттану пәнін оқытудың теориясы мен әдістемесі. Яғни, мәдениет теориясы мен генезисі. Мәдениеттану пәні көпқырлы, мазмұнды пән болғандықтан мәдениет сөзінің этимологиясы, күнделікті өмірде алатын орнымен анықталады.

Екіншіден, мәдениет динамикасы. Мәдениет, өнер, этика, эстетика, этикет, дәстүр, әдет-ғұрып туралы түсініктер, идеялар айтылады.

Үшіншіден, әлемдегі жетекші ұлттардың мәдениет тарихы, жеткен жетістіктері, шығармаларын білу. Соның ішінде Қазақ халқының мәдени

жетістіктері, тарихы, салт-дәстүрлері, өнер түрлері мен мәдени саясатында меңгерген жөн. Кескіндеме, мүсін, архитектура, бейнелеу өнері, әдебиеті, театры, кино индустриясы да студенттер үшін қызықты әрі пайдалы болады деп ойлаймын.

Қолдарыңыздағы оқу құралының басқа оқу құралдарынан өзгешелігі мәдениеттануды жалпы білім беретін мамандық ретінде қабылдаған студент, магистрант және докторанттарға арналғандығы. Олардың мәдениеттану пәні туралы дүниетанымын кеңейтіп, білімін тереңдете түседі.

Қолдарыңыздағы әдістемелік-оқу құралы мәдениеттану пәнін оқытудың әдістемесі, оның ішінде студенттермен қарым-қатынас қалай орнату керек, пәнді оқыту мен мақсаты, міндеттері талданып, қарастырылады.

Мәдениеттану пәнін оқыту әдістемесі пәнінің мақсаты – Білім және ғылым министрлігі бекіткен Мәдениеттану білім беру бағдарламасына сай құзіреттілігі мен дағдысына үйрету. Гуманитарлық білім беру жүйесінде мәдениеттану пәнінің ерекшелігін қарастыру.

Мәдениеттану пәнін оқыту әдістемесі пәнінің міндетіне жоғары оқу орындарында мәдениеттану курсы оқытудың жаңаша, инновациялық әдістерін қолдану. Сабақтың қызықты, әрі танымды болуына мүмкіндіктерді көрсету.

Әдістемелік құралымыз мәдениеттану пәні бойынша мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес жасалған.

Еркін және тілге жеңіл жазылған әдістемелік көмекші құралымыз мәдениетке қызығушылыққа бар барлық оқырманға да арналады.

Кез-келген пәнді оқыту әдісі пайдалы, қызықты, үздіксіз процесс.